

Арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына 2017 жылға арналған ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 24 қаулысы.

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 3-1-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына 2017 жылға арналған ең төмен бөлшек сауда бағалары литріне 1700 теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев